

## ҰЛТ ҰСТАЗЫ – А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1872-1937 ЖЖ.)

Өскембаев Қ.С., т.ғ.к., доцент  
Астана халықаралық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсыновтың есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылған. Ол ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, алғашқы қазақ оқулықтарын құрастырушы, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, алғашқы жалпы ұлттық «Қазақ» газетінің негізін салушы, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы-демократ, заң білгірі, қазақ халқының адал перзенті.

А. Байтұрсыновтың туған жылы жайлы бұрынғы деректерде 1873 ж. қаңтардың 28-ші жұлдызы деп беріледі. Алайда кейінгі зерттеулер негізінде Ұлт ұстазының туған күні 1872 жылдың 5 қыркүйегі деп жазылып жүр. Міржақып Дулатұлы 1922 жылы Орынборда орыс тілінде жарық көрген «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» атты биографиялық очеркінде «Ахмет Байтұрсунович родился 28 (15) января» деген дерек берсе, академик Рымғали Нұрғали «Ахаң 1873 жылы 18 январьда дүниеге келген» деп жазған. Ал Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің жетекшісі Райхан Сақыбекқызы бұл сұраққа Massaget.kz тілшісіне нақты дәлелдер келтірін жауап береді және ақынның 1872 жылдың 5 қыркүйегінде дүниеге келгенін дәлелдей түседі. Ол, «Тұлғаның туған мерзімін »5 қыркүйек, 1872 жыл» деп нақтылауымызға негіз болып отырған - ғұламаның 1929 жылы өз қолымен орыс тілінде жазған «Өмірдерегі» (Жизнеописание) және әр жылдары мемлекеттік мекемелердегі ресми сауалнамаларға берген нақты жауаптары», - дейді.

Сондай-ақ Райхан Сақыбекқызы ақынның 5 қыркүйекте өмірге келгенін бірнеше дерек арқылы растайды. Осы тұста Райхан Сақыбекқызының берген тұжырым, дәлелдерін толық беруді жөн көрдік. Біріншісі, Орынбор Мұғалімдер мектебін бітіргені туралы куәлікте, туған мерзімі «5 қыркүйек, 1872» деп көрсетілген. Екіншісі, Ахметтің «Анама хат» атты өлеңі де ол кісінің «1872 жылы» дүниеге келгеніне дәлел бола алады. Мәселен, Семей түрмесінен анасына жолдаған өлеңіндегі: «...Оқ тніп он үшімде, ой түсірін, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деген жолдар, әулет басына түскен «1885 жылғы оқиғаны» меңзеп отыр. Мұрағат деректеріне сүйенсек, бұл Ахметтің әкесі Байтұрсын, үлкен әкесі Ақтастың бірнеше ағайын-туғандарымен қоса, «25 жылға итжеккенге жер аударылатын тұсы». Демек, осы 1885-тен бала Ахметтің 13 жасын шегерсек, туған жылы 1872 жыл болып шығады екен.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 81-қоры, 1-тізбесі, 1652-ісі, 6-парағында Ресей коммунистік партиясының «Жауапты қызметкерлерге арналған» 20 сұрақтан тұратын сауалнамасының туған жылы деген тұсына: «1872, 49 жас» деп жазған, құжат 1921 жылы толтырылған. Төртіншіден, ҚР ОММ, 5-қор, 18-тізбе, 158-істің, 1-парағындағы «Сайлауға түсу сауалнамасы», 1921 жылдың 11-қазанында толтырылған. Сауалнама 29 сұрақтан тұрады, осында жасы деген тұсқа «49» деп көрсетеді. 1921-ден 49-ды шегерсек, 1872 жыл шығады, - дейді Райхан Сақыбекқызы [1].

Ұлт ұстазының туған жері туралы айтсақ, өзіміз пайдаланған деректерде қазіргі Қостанай облысы Жанғелдин ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Атасы Шошақ атақты Үмбетей батырдың ұрпағы мінезі салмақты, шындықты бетке айтатын, ақылды, ел-жұртына беделді адам болған. Ол немересі Ахмет өмірге келгенде сүйінші сұрап барған кісілерге бір ат, бір түйеден мінгізін, ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Шошақтың Ақтас, Байтұрсын, Ерғазы атты ұлдары өнерлі әрі намысты қолдан бермейтін азаматтар болып өскен. Олар 1885 жылы уезд бастығы полковник Яковлевтің елге жасаған зорлығына қарсылық білдірін, оның өзіне қол жұмсап, жауапқа тартылған. Байтұрсын мен Ақтас 15 жылға Сібірге каторғаға жіберілсе, Ерғазы 4 ай мерзімге абақтыға

жабылған. Байтұрсыновтың шешесі Күніш ел өміріне қызу араласқан сергек кісі ретінде танылған. Әкесі мен туыстарының Ресей өкіметі тарапынан жапа шегуі Ахметке азаттық жолындағы күреске түсуіне ой салды. Бұл жөнінде кейін, яғни 23 жылдан соң әкесінің ізімен отарлық билікке қарсы күреске шығып, абақтыға жабылған Байтұрсыновтың анасына жолдаған хатында: «Оқ тиіп, он үшімде ой түсірген, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам...», - деп жазады. Ахметті Ерғазы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітірін, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі [2, 295 б.].

1895 жылдан 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушылық және Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Қарқаралыға алғаш келгенде уездік мектептің мұғалімдігінен бастап, аз жыл ішінде қалалық училищенің жетекші ұстазына айналған А.Байтұрсынов бұл кезде бүкіл қыр еліне әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын. Бірінші орыс революциясының жаңғырығы іле-шала Ресей империясының шет аймақтарындағы болып өткен бүлік, ереуілдермен ұштасып жатты. Сол кезде А.Байтұрсынов Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов сияқты қайраткерлермен Қарқаралы өңірінде тер төгін еңбек етті. Осы Қарқаралы топырағында оның саяси көзқарасының ірғетасы қаланып, ол халқының мұнын-мұндап, жоғын-жоқтау жолын өз өмірінің өзегі ретінде таңдап алды. Осы мақсатын нақтылы іс жүзіне асырудың алғашқы қадамын оған қалың бұқара арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен шұғылданған, еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған орта әсерін тигізді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілек) авторларының бірі Байтұрсынов болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын [3. 10 б.]. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынов 1909 ж. 1-шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Оған тағылған айыпта: халық арасына іріткі салып «өзін-өзі автономиялық басқару идеясын таратты», «орыстар мен қазақтар арасында өшпенділік қоздыру ісімен айналысты» деп көрсетілген.

ПМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19-ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынов Орынборға 1910 жылы 9-наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынов өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса көрнекті шағы болды. Ол осы қалада 1913-1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпы-ұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Осы тарихи кезеңдегі қазақ өмірінің бірде-бір өзекті мәселесі Байтұрсынов редакторлық жасаған бұл басылымның назарынан тыс қалған емес. Бүкіл қазақ жұрты «Қазақты» оқып, оны мен солын таныды. Әсіресе қоныс аударған орыс шаруаларына құнарлы қазақ жерін молырақ алып беру жолына түскен отаршыл биліктің түрлі әдісін Байтұрсынов бастаған «Қазақ» газеті халыққа кең, әрі терең ашып көрсету арқылы қазақ ауылдарын жедел, жаппай отырықшы тұрмысқа көшуден сақтандырды, жеке қожалық иелерін егін және мал шаруашылығын жүргізудің, тауарлы өндіріспен айналысудың озық үлгілерімен таныстырды, өктемшіл биліктің түрлі саяси айласына ұлттық бірлік пен парасатты қарсы қоюға үндеді, туған жердің байлығын өз игілігіне жарату үшін халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

1916 жылдың жазында ресми биліктің майдандағы қара жұмысқа 19-43 жас аралығындағы қазақтан соғысқа солдат алуға кіріскен уақытта «Қазақ» газеті бұл мәселенің күрделілігінен қашпай, өз бастамасымен осы жөнінде пікірталас ұйымдастырып, оған қатысты қоғамдағы түрлі пікірлерді тұжырымдап, құрамында Байтұрсынов бар делегация қазақ халқының ортақ ойын Мемлекеттік Кеңес пен Соғыс министрлігіне жеткізді. Ол сол жылдың ақпанында Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының төрағасы Қ.Тевкелевтің арнайы

шақыруымен фракцияның мәжілісіне қатысып, онда қазақтарға жеке мүфтилік ашу, қазақтарды атты әскер қатарына жазу, қоныс аударушылар толқынын азайту мәселелерін көтерді [4].

Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсыновтың Бөкейхановпен бірге ұлт-азаттық қозғалыстың халық мойындаған жетекші дәрежесіне көтерілуі 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында анық байқалды. Қазақ халқының Ақпан және Қазан төңкерістеріне қатынасын теориялық тұрғыдан дәл тұжырымдап берген Байтұрсынов: «Қазақтарға ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, Қазан (әлеуметтік) революциясы оларға соншалықты түсініксіз көрінді. Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қабыл алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды. Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияға деген мұндай қатынасы әбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден, бұл революцияның оларды патша өкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында, екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді»[5] - деп жазды.

Қазан революциясына қазақтардың үрке қарауын Байтұрсынов қазақ қоғамында капиталистік қатынастардың жоқтығымен, соған сай таптық жіктелудің әлсіздігімен байланыстырды. Бұл ұлттық еркіндік пен тұтастық идеологиясын ұстаған қайраткердің көзқарасы еді және ол сол тарихи кезеңдегі қоғамдық шындықтан алыс емес-ті. Байтұрсынов 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келін, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ» газеті арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар берін отырды. Байтұрсынов, Бөкейханов, Дулатов бастаған үштіктің ұйымдастырушылық қызметінсіз 1917 жылы Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің өмірге келуі мүмкін еместігін тарих өзі дәлелдеп берді. Ол сонымен бірге Алаш партиясы бағдарламасын даярлауға ат салысты. Алашорда үкіметі құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етін Байтұрсыновты бекітті. 1919 ж. наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Алашорданың игілікті ісі, «өз мемлекетін құру» үміті өте қайғылы аяқталғанда Байтұрсынов 1919 ж. наурызында Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге 1-ші болып аттанып, осы жылы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Байтұрсыновтың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды [6, 192 б.]. Байтұрсынов бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды [7].

1920 ж. Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақстандағы басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алып, хат жолдап, Казревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27-тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсыновтың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Байтұрсынов 1920 ж. сәуірде РК(б) құрамына ену туралы арыз берді. Бірақ көп ұзамай 1921 ж. партия құрамынан шықты. Қайраткердің бұл шешімінің арғы жағында большевиктердің іске асырған шараларымен және алған бағытымен келіспеушілік жатқандығы даусыз болса керек. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 ж. Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жж. Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Сонымен бірге ол өзінің сүйікті оқытушылық жұмысын үнемі шындай берді. 1921-1925 жж. Орынбордағы, 1926-1928 жж. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928

жылы Алматыда ҚазМУ-дің ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты [8].

Голощекиннің тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 жылдың 2-маусымында 43 «Алаш» қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылы 4-сәуірдегі шешімімен Байтұрсыновқа «1921 жылы Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, орта азиялық пантүрікшіл ұйымның басшысы Валидовпен байланыста болды. 1927 жылы қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатынасты» деген айыптар тағылып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2, 4 және 11-тармақтарына сәйкес ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың ұсынысы бойынша Халықаралық Қызыл Крестің араласуымен Байтұрсынов мерзімінен бұрын босатылып, отбасымен Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарды. 1937 жылы 8 қазанда тағы да қамауға алынып, адам төзгісіз азап тартып, екі айдан соң, яғни 8-желтоқсанда атылды. Абақтыда отырған кезінде Байтұрсынов тергеушілердің сауалына: «Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан, мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» [9] - деп жауап қайтарған еді.

А. Байтұрсынов жары Александра Ивановнаға «Бәдрисафа» деп ат қойған. Ол есім араб тілінен аударғанда «Бадрун» - толық ай, «сафа» - кіршіксіз таза деген мағынаны білдіреді екен. Ахмет Байтұрсынов мен Бәдрисафаның туған балалары болмаған. Олардың бауырларына салып, асырап алған Аумат, Қазихан және Шолпан деген үш баласы болған. Аумат пен Қазихан ертерек дүниеден өткен. Ал Шолпан халық жауының қызы ретінде Бәдрисафамен бірге айдауда болған [1].

А. Байтұрсыновтың қазақ елінің тәуелсіздігі үшін тартқан тауқыметі нағыз азаматтық ерліктің, патриоттықтың айнасы. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы ретінде тарих сахнасында қалған ол, бірнеше маңызды еңбектің авторы. Мысалы «Қырық мысал» 1909 ж. жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынов мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Онда надандық, тәкаппарлық, күншілдік, аңқаулық, залымдық, т.б. теріс қылықтарды әшкереледі. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен 1911 ж. жеке кітап болып шыққан. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. «Қазағым елім, Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып, Талауда малың, Қамауда жаның, Аш көзіңді оянып, Қанған жоқ па әлі ұйқың, Ұйықтайтын бар не сиқың?!», - дейді ақын. Қазақ халқы үшін ең ауыр қасірет – отаршылық езгісі Байтұрсынов поэзиясының басты идеясына айналды. Сондай-ақ Байтұрсынов Пушкин («Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» т.б.), Лермонтов («Мцыри»), Вольтер, Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар тың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынов әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Сондай-ақ, ол – әдебиет тарихының

мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етін шығарды. Ол – Қазақ ғылымы тарихында ұлттық әлінби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынов әлінбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), түріктанушылардың 1-құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әлінбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әлінби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Байтұрсынов халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1921) – қазақша жазылған тұңғыш әлінпелердің бірі. Бұл әлінпе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделін, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынов қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қажырлы еңбек етті. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен ғрамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әлінбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген Байтұрсынов қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл - құрал» атты оқулығының морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., фонетикаға арналған бөлімі 1915 ж., синтаксис бөлімі 1916 ж. жарық көрді. «Тіл - құрал» - қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» - қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми терендігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл ғрамматикалық терминдерді қалыптастырды [3. 10-16 б.].

Сонымен, Ұлт ұстазы – А. Байтұрсынұлы Батыс мәдениетінен алшақ, білім-ғылымнан кенже қалған, күнделікті малын бағып, егінін еккеннен басқа тірлігі шамалы, бейқам, жым-жырт жатқан қазақ халқын оятуды мақсат етті. Ол алға басып, жұрт қатарына кіру, басқадан кем болмаудың басты амалы білім мен ғылым деп білді. Оның есімі қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихына алтын әріппен жазылып, мына бір сөзі ұлтымызға ұран болуы әбден лайық. «Біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» - деген сөзі бүгін де өте маңызды екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Сатыбалдина С. Қаңтар ма, қыркүйек пе - Ахмет Байтұрсыновтың туған күні қашан? <https://tengrinews.kz/story/kantar-ma-kyirkuyek-pe-ahmet-baytursynovtyin-tugan-kun-378374/>. 5 қыркүйек 2019.
2. Дулатов М. Шығармалары: (А.Б.Байтұрсунов) Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Қаз. ССР Ғылым акад... -Алматы: «Жазушы», 1991.
3. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың: тарихи очерктер. -Алматы: Жеті жарғы, 1998.
4. РФ ООМА, 10-к., 4-т., 10/9-іс, 58-п.
5. Байтұрсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. - 1919. - 3 августа. №29 (37).
6. Алаш-Орда: Сб.док. /Сост. Н.Мартыненко. - Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992.
7. ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п.
8. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. - Алматы, 1990.
9. ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 77-78-пп.